



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Қазақстан Республикасының төлем балансы және сыртқы борышы

2016 жылғы 1-тоқсандағы

Тамыз 2016

Бұл жарияланымды Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті дайындады. Жарияланымда Қазақстан Республикасының сыртқы секторының дамуындағы соңғы үрдістер көрсетіледі және елдің төлем балансына, халықаралық инвестициялық позициясына және сыртқы борышына байланысты статистикалық есептер, сондай-ақ осы есептерге талдамалық түсініктемелер берілген. Статистикалық есептер жан-жақты жасалған талдамалық кестелермен, сыртқы сектордың статистикасын жасау әдіснамасын және оны жасауға арналған ақпарат көздерін сипаттаумен толықтырылған. Жеке статистикалық қосымшалармен инвестициялардың түрлері бойынша халықаралық инвестициялардың қорлары мен ағындарының құрылымы берілген. Жарияланымның кезеңділігі тоқсан сайын – басылым қаңтар, сәуір, шілде және қазан айларында шығады. Үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде шығарылады.

Статистикалық деректер әдіснамасы өзгерген және (немесе) сыртқы экономикалық операциялар туралы қосымша ақпарат алған кезде бұрын жарияланған тарихи деректер қатары түзетілуі мүмкін. Регламентке сәйкес Қазақстан Республикасы сыртқы секторының статистикалық деректерін қайта қарау жылына екі рет – жарты жылдық және жылдық төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш жөніндегі есептерді жасау кезінде жүзеге асырылады және есепті жылдың алдындағы екі жылды қамтиды. Жаңартылған деректер жыл сайын мамырда және қарашада жарияланады.

Деректерді нақтылаудың негізгі көзі есептерді жасау кезінде қосымша түскен ақпаратты алу - валюталық операциялар туралы хабарлау және тіркеу шеңберінде алынған деректер, төлем балансы жөніндегі статистикалық есепті қоспағанда, басқа ақпарат көздерінен алынған деректермен салыстырған кезде статистикалық сәйкессіздіктерді анықтау, сондай-ақ ресми сауда статистикасының деректерін нақтылау болып табылады.

Осы жарияланымда келтірілген кестелердегі жекелеген жағдайларда деректерді дөңгелектеу салдарынан қорытындылар және қосылатын сома арасындағы соңғы разрядта шамалы айырмашылықтар болуы ықтимал.

Осы жарияланымға арналған статистикалық деректерді қалыптастыру күні - 2016 жылғы 30 маусым. 2014-2015 жылдардағы деректерді соңғы жаңарту күні - 2016 жылғы 31 наурыз.

Ұсынылған статистикалық деректер бойынша қосымша ақпаратты Төлем балансы және валюталық реттеу департаментінен алуға болады

мекен-жайы: 050040, Алматы қаласы, Көктем-3 ш/а, 21-үй

телефондары: (727) 270-49-38 (төлем балансы)

(727) 270-46-40 (халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш)

электрондық почта: zhumabekova@nationalbank.kz

Төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш жөніндегі стандартты және талдамалы түрде көрсетілген статистикалық есептерді, сондай-ақ осы есептерді жасауға арналған әдіснамалық түсініктемелерді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің <http://www.nationalbank.kz> веб-сайтынан алуға болады. Көрсетілген статистикалық есеп ҚҰБ-нің веб-сайтына есептік кезең аяқталғаннан кейін 90-шы күні қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде орналастырылады.

Мазмұны

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 1-тоқсандағы төлем балансы.....	5
<i>Төлем балансына қосымшалар:</i>	
1. Қазақстан Республикасының төлем балансы: талдамалық ұсыным.....	13
2. Қазақстан Республикасының төлем балансы: экономиканың секторлары бойынша талдау	15
3. Қазақстан Республикасының төлем балансы стандартты ұсыным, негізгі баптар.....	17
4. Қазақстан Республикасының төлем балансы: стандартты ұсыным	18
I қосымша. Төлем балансына талдау қосымшалары	
I.1. Сыртқы сауда және сауда балансы.....	28
I.2. Халықаралық қызметтер балансы.....	32
I.3. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы және 2016 жылғы 1-тоқсандағы сыртқы сауда айналымы.....	34
I.4. Ресми статистика деректері бойынша экспорттың және импорттың құрылымы	35
I.5. Ресми статистика деректері бойынша жекелеген тауарлардың экспорты бойынша бағаны талдау және сандық жеткізулер	36
I.6. Ресми статистика деректері бойынша сыртқы сауданың географиялық құрылымы..	37
I.7. 2015-2016 жж. 1-тоқсаны бойынша кеңейтілген жіктеу бойынша ҚР-ның халықаралық қызмет балансы	38
I.8. Қызметтердің сыртқы саудасының географиялық құрылымы	39
I.9. Қазақстан Республикасының 2015-2016жж. 1 тоқсандағы елдер бөлігіндегі қызмет түрлері бойынша қызметтермен сыртқы саудасы	40
I.10. Бастапқы кірістердің балансы	56
I.11. Қайталама кірістердің балансы	57
I.12. 2015-2016 жылдардағы 1-тоқсандағы жеке трансферттер (жеке тұлғалардың ақша аударымдары).....	58
I.13. Қаржы шотының ағындары (талдамалық ұсыну)	59
I.14. Қысқамерзімді капитал ағындары	60
I.15. Жеке сектордың капиталды таза әкелуі/әкетуі	61
I.16. Нақты тиімді айырбас бағамының индексі	62
I.17. Мұнай саудасын есептемегенде нақты тиімді айырбас бағамының индексі	63
Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 31 наурыздағы халықаралық инвестициялық позициясы	64
<i>Халықаралық инвестициялық позицияға қосымшалар:</i>	
1. Қазақстанның халықаралық инвестициялық позициясы: стандартты ұсыным	71
2. Резиденттердің экономиканың секторлары бойынша Қазақстанның халықаралық инвестициялық позициясы	77
3. Қазақстандық банктердің 2016 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша резидент еместерге берген кредиттері бойынша берешек	79
4. Қазақстанның резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша халықаралық инвестициялық позициясы	80
5. Қазақстанның елдер бойынша халықаралық инвестициялық позициясы	82
6. Қазақстан резиденттерінің олардың экономикалық қызметі және негізгі елдер бойынша сыртқы міндеттемелері	85
II қосымша. Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар	
II.1. Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар: кезеңнің аяғындағы позиция.....	88
II.2. Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар: кезең үшін ағындар	89
II.3. Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар: кезең үшін кірістер	91
II.4. Резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша шетелдік тікелей инвесторлардан Қазақстанға тікелей инвестициялардың жалпы ағыны (келуі).....	93

II.5. Елдер бойынша Қазақстан Республикасына шетелдік тікелей инвестициялардың жалпы ағыны(келуі)	95
II.6. Резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша қазақстандық тікелей инвесторлардан шетелге тікелей инвестициялардың жалпы ағыны (қайтуы)	98
II.7. Елдер бойынша қазақстандық тікелей инвесторлардан шетелге тікелей инвестициялардың жалпы ағыны (қайтуы)	100
Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 31 наурыздағы сыртқы борышы.....	102
<i>Сыртқы борышқа қосымшалар:</i>	
1. Сыртқы борыш: стандарттық ұсыным	108
2. Сыртқы борыштың абсолюттік және салыстырмалы өлшемдері	110
3. 2015 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша бар сыртқы борышқа қызмет көрсету бойынша төлем кестесі	111
4. Сыртқы борыштың жағдайы: Өтеуге дейін қалған мерзім бойынша қысқамерзімді борыш, секторлар бойынша	112
5. Сыртқы борыштың жағдайы і: ұлттық және шетел валютасындағы сыртқы борыш.....	114
6. Сыртқы борыштың жағдайы: шетел валютасындағы сыртқы борыш	115
7. Сыртқы борыштың жағдайы: резиденттер шығарған және резидент еместерге эмиссия орны бойынша тиесілі борыштық бағалы қағаздар	116
8. Елдер бойынша сыртқы борыш	117
9. Резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша сыртқы борышы	119
10. Мемлекеттік сектордың кеңейтілген айқындаудағы 2016 жылғы 31 наурыздағы сыртқы борышы	121
11. Сыртқы борыштың жағдайы: Кредиторлар мен қарыз алушылардың секторлары бойынша сыртқы борыш	122
12. Сыйақы мөлшерлемелерінің түрі бойынша сыртқы борыш	123
13. Сыртқы борыштың жағдайы: Ағындар мен қорларды келісу	124
14. 2016 жылғы I тоқсандағы жасалған шарттар бойынша заем қаражаттарын болжалды тартудың сомасы.	125
III қосымша. Статистикалық әдіснама	
III.1. Төлем балансына және халықаралық инвестициялық позицияға әдіснамалық түсіндірме	135
III.2. Қазақстанның төлем балансын және халықаралық инвестициялық позициясын жасаудың ақпараттық базасы	141
III.3. Төлем балансының талдау индекстері мен бағалау көрсеткіштерін есептеу әдістемелері	146
III.4. Сыртқы сектор статистикасының жаңа әдіснамасына өтуі туралы	151
III.5. Сыртқы борыш көрсеткіштерінің Қазақстан Республикасының халықаралық инвестициялық позициясының баптарына сәйкестігі	153

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2016 жылғы 1-тоқсандағы ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ


Төлем балансында белгіленген уақыт кезеңі үшін әлемдегі қалған елдермен елдің экономикалық операциялары (резиденттер және резидент еместер) жиынтық түрде көрсетіледі. Төлем балансының деректері нақты және қаржы ресурстарының барлық түрлерімен сыртқы экономикалық қатынастар

динамикасында сипатталатын ағындардың экономикалық санатын білдіреді. Төлем балансында халықаралық операцияларды жүргізуге байланысты емес қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері құнының өзгерістері көрсетілмейді.

Ағымдағы операциялар шоты

Ағымдағы операциялар шоты 2016 жылғы 1-тоқсандағы нәтижелері бойынша теріс сальдомен қалыптасты және 2015 жылғы 1-тоқсандағы 125 млн. доллармен салыстырғанда 1,0 млрд. АҚШ долларын (әрі қарай – долл.) құрады (1-диаграмма).

Ағымдағы операциялар шотының дефициті тауарлардың таза экспорты көрсеткішінің 2015 жылғы 1-тоқсан көрсеткішіне қатысты 36,7%-ға қысқаруымен қамтамасыз етілді.



Тауарлар экспорты көлемінің қысқаруының негізгі факторы мұнай бағасының төмендеуінің жалғасуымен байланысты болып отыр. Brent сұрыпты мұнайдың әлемдік бағасының орташа деңгейі 2016 жылдың 1-тоқсаны үшін бір баррель үшін 34,4 долл. құрап, 2015 жылдың ұқсас кезеңіне қатысты 36,3% төмендеп (2015 жылдың 1-тоқсаны үшін орташа деңгейі бір баррель үшін 53,9 долл.), осыған қоса бір баррель үшін мұнай бағасы қаңтар айының үшінші он күндігінде ең аз 27,8 долл. шамасына дейін төмендеді.

Төлем балансының жіктеуіштері бойынша тауарлар экспорты 8,4 млрд.

долл. құрап, 2015 жылғы ұқсас кезеңіне қатысты 30,5% төмендеді. Төлем балансының жіктеуіштері бойынша тауарлар импорты 27,1% төмендеп, 5,8 млрд. долл. құрады. Қорытындысында сауда балансының оң сальдосы 2015 жылдың 1-тоқсанындағы 4,2 млрд. долл. салыстырғанда 2,7 млрд. долл. құрады.

Тауарлардың ресми экспорты 2016 жылғы 1-тоқсан үшін 8,3 млрд. долл. құрап, 2015 жылдың 1-тоқсанынан 31,2% төмен болды. Төмендеу мұнай және газ конденсаты экспортының 4,5 млрд. долларға дейін (2015 жылдың 1-тоқсанында 7,7 млрд. долл.) 41,1% (ресми

экспорттан 54,9%) қысқаруымен келісімшарттық бағалардың төмендеуімен қамтамасыз етілді. Қара металлдар экспорты 2015 жылдың 1-тоқсан көрсеткішімен салыстырғанда келісімшарттық бағалардың төмендеуінен нақты жеткізілім көлемдерінің өсуі есебінен 3,7% ұлғайды. Түсті металлдар экспорты нақты жеткізілімнің өсуі кезінде келісімшарттық бағалардың қысқаруы есебінен 1,8% төмендеді. Астық экспорты нақты жеткізілім көлемінің айтарлықтай ұлғаюы есебінен 33,8% өсті.

Тауарлардың ресми импорты 2015 жылдың 1-тоқсанына қатысты 28,3% қысқарып, 5,2 млрд. долл. құрады. Импорт құнының азаюы негізгі тауарлар номенклатурасының барлық топтары бойынша, негізінде, келісімшарттық бағалардың төмендеуі есебінен болды. Аралық өнеркәсіптік тұтыну тауарлар импорты (ресми импорттан 36,1%) 19,3% қысқарды және 1,9 млрд. долл. құрады. Инвестициялық тауарлар импорты 1,8 млрд. долл. дейін 34,3% төмендеді. Тұтыну тауарлары бойынша ресми импорт құнының азаюы 1,3 млрд. долл. дейін 30,7% қысқарды. Бұл ретте азық-түлік тауарларын әкелу 0,5 млрд. долл. дейін 19,7%, ал азық-түлікке жатпайтын тауарлар –0,8 млрд. долл. дейін 36,5% қысқарды.

Тауарлар импортының төмендеуі негізгі сауда серіктестері – Ресей (30,8%) және Қытай (43,9%) бойынша байқалды. Бұл ретте, егер Ресейден әкелінген импорттың қысқаруы АҚШ долларына қатысты ресей рублі бағамының құлдырауы аясында келісімшарттық бағалардың төмендеуімен байланысты болса, Қытай импорты көлемінің төмендеуі, оның ішінде Қытайдан әкелінетін тауарлардың нақты көлемдерінің қысқаруымен қамтамасыз етілді.

Ағымдағы операциялар шотының басқа да құрауыштары бойынша теріс сальдоның қысылуы байқалды

Халықаралық қызметтер балансының дефициті 2015 жылдың 1-тоқсанына қатысты 9,1% қысқарып, 1,0 млрд. долл.

құрады. Қызметтер балансы дефицитінің қысқаруы қызметтер импортының 1,8% (2,5 млрд. долл. дейін) төмендеуімен бірге қызметтер экспортының 3,5% (1,5 млрд. долл. дейін) өсуі есебінен болды.

Қызметтер экспортының ұлғаюы жүк тасымалдау бойынша резидент еместерге көрсетілген қызметтердің өсуімен байланысты болды. Отандық көліктік компаниялардың кірістерінің 879 млн. долл. дейін 7,7% көбеюі, негізінде республика аймағы арқылы мұнай және газ құбырлары бойынша резидент еместерден транзит үшін түсімдерінің 651 млн. долл. дейін 9,1% өсуі есебінен болды.

Халықаралық қызметтер импортының аздап 2,5 млрд. долл. дейін (2015 жылғы 1-тоқсанда 2,6 млрд. долл.) төмендеуі резидент еместердің *көліктік* қызметтер импортының 23,3% (97 млн. долл.), сонымен қатар Ұлттық Банк бағалауы бойынша 337 млн. долл. құраған резиденттердің шетелге *жол жүруінің* 26,6% төмендеуімен қамтамасыз етілді. Импорттың көлемінде басымдылық көрсеткен *басқа да іскер қызметтер* (жалпы импорт көлемінен 48,5% немесе 1,2 млрд. долл.), республика аймағында резидент еместердің қатысуымен ірі инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асырылуы негізінде 7,8% өсті. *Басқа да іскер қызметтер* құрылымында ең маңызды үлес сәулет және инженерлік-техникалық қызметтердің импортына (43,9% немесе 534 млн. долл.), сонымен қатар бизнес пен басқару бойынша консультациялар беру жөніндегі қызметтерге (29,5% немесе 359 млн. долл.) келді, олардың өсімі тиісінше 9,7% және 19,5% құрады.

Бастапқы кірістер теріс сальдосы қазақстандық кәсіпорындарға салынған шетел тікелей инвесторлар кірістерінің қысқаруымен 2015 жылғы 1-тоқсандағы 3,0 млрд. долл. салыстырғанда 2,6 млрд. долл. дейін қысқарды, бұл ретте 2015 жылғы 1-тоқсандағы 2,6 млрд. долл. салыстырғанда инвестициялық кірістердің теріс сальдосы 2,4 млрд. долл. құрады.

1-кесте

Қаржылық шоттың балансы (резервтік активтерді қоспағанда)

("+" - активтердің/ міндеттемелердің ұлғаюы; "-" - активтердің/ міндеттемелердің төмендеуі)

млн. АҚШ доллары

	2014 1-тоқсан	2015 1-тоқсан	2016 1-тоқсан
Қаржылық шот	2 384,6	-2 574,7	-1 470,1
<i>Қаржы активтерін таза сатып алу</i>	4 896,3	-3 030,1	392,7
Тікелей инвестициялар	-748,2	1 120,0	122,0
Портфельдік инвестициялар	4 038,6	-2 115,6	1 821,7
Туынды қаржылық құралдар	41,0	-34,0	-32,2
Басқа да инвестициялар	1 564,9	-2 000,5	-1 518,9
<i>Міндеттемелерді таза қабылдау</i>	2 511,7	-455,4	1 862,7
Тікелей инвестициялар	1 845,2	2 557,7	2 737,8
Портфельдік инвестициялар	-274,8	-1 318,0	-391,3
Туынды қаржылық құралдар	-1,9	103,5	-24,2
Басқа да инвестициялар	943,3	-1 798,6	-459,7

Басым бөлігі еліміздің ресми резервтерінен алынған кірістерден қалыптастырылған резиденттердің инвестициялық салымдарынан алынған кірістер (Ұлттық Қордың резервтік активтері және шетелдік активтерінен), 2015 жылғы 1-тоқсанға қатысты 14,5%-ға төмендеді және 436 млн. долл. құрады. Резидент еместерге инвестициялық төлемдер 2,8 млрд. долл. (2015 жылғы 1-тоқсанда 3,1 млрд. долл.) құрады, оның ішінде тікелей инвестициялық кірістерден төлемдер 12,9%-ға төмендеп, 2,1 млрд. долл. құрды. Тікелей инвестициялауға қатысы жоқ қарыз берушілерге сыйақы төлемдері аздап қысқарды (2,0%) және 659 млн. долл. құрады.

Қайталама кірістер балансының дефициті 117 млн. долл. құрап, 2015 жылғы 1-тоқсандағы көрсеткішке қатысты 2,5 рет дерлік төмендеді (287 млн. долл.). Осы бап бойынша дефициттің қысқаруы мемлекеттік басқару органдарының пайдасына резидент еместердің салықтық түсімдерінің 32,4%-ға азаюына қарамастан, жеке тұлғалардың шетелге жіберілген ақша аударымдарының 38,6%-ға төмендеуімен, сонымен бірге халықаралық келісімдер аясында резидент еместердің пайдасына мемлекеттік басқару органдарының төлемдерінің 39,2%-ға төмендеуімен байланысты болды.

Қаржылық шот (Ұлттық Банктің резервтік активтерімен жасалатын операцияларды қоспағанда)

2016 жылғы 1-тоқсандағы **қаржылық шоттың теріс сальдосы** (сыртқы активтердің таза өзгеруімен және сыртқы міндеттемелердің таза өзгеруінің арасындағы айырма) 1,5 млрд. долл. құрады (2015 жылғы 1-тоқсанда 2,6 млрд. долл.). Активтердің өсуімен салыстырғанда міндеттемелердің жоғарғы өсу қарқыны (1-кесте) қаржылық операциялар бойынша есепті кезеңде капиталдың таза әкелінуі немесе «қалған елдерден таза қарыз алу»¹ қамтамасыз етті. 2016 жылғы 1-тоқсанда елге капиталдың таза әкелінуі көбінесе *Басқа секторлардың* операцияларымен, ал таза әкетілуі – *Мемлекеттік басқару органдарының операцияларымен* қамтамасыз етілді (2-кесте).

Қаржылық шот құрылымында капиталдың таза әкелінуі тікелей және басқа да қысқамерзімді инвестициялар бойынша және портфельдік және басқа орта және ұзақмерзімді инвестициялар бойынша нетто-әкетілуі тіркелді (2-диаграмма).

¹ Төлем балансының әдістемесіне сәйкес қаржы шотының және оның құрамдас бөліктері сальдосының теріс белгісі сыртқы міндеттемелердің өсуі сыртқы активтердің өсуінен жоғары болуы - таза қарыз алудың елдің халықаралық инвестициялық позициясының нашарлауына және таза сыртқы борышының өсуіне ықпал ететінін көрсетеді.

Экономика секторы бойынша қаржылық шоттың балансы

("+" - активтердің/ міндеттемелердің ұлғаюы; "-" - активтердің/ міндеттемелердің төмендеуі)

млн. АҚШ доллары

	2014 1-тоқсан	2015 1-тоқсан	2016 1-тоқсан
Қаржылық шот (резервтік активтерді қоспағанда)	2 384,6	-2 574,7	-1 470,1
<i>Орталық Банк</i>	-292,6	248,4	-19,6
<i>Қаржы активтерін таза сатып алу</i>	31,7	77,7	-34,6
<i>Міндеттемелерді таза қабылдау</i>	324,4	-170,7	-15,0
<i>Банктер</i>	493,3	-318,2	195,5
<i>Қаржы активтерін таза сатып алу</i>	236,9	-893,3	73,3
<i>o.i. тікелей инвестициялау операциялары бойынша</i>	-0,7	2,8	-2,1
<i>Міндеттемелерді таза қабылдау</i>	-256,4	-575,1	-122,3
<i>o.i. тікелей инвестициялау операциялары бойынша</i>	106,6	72,6	70,2
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	2 380,1	-1 886,5	1 136,0
<i>Қаржы активтерін таза сатып алу</i>	2 210,5	-2 069,1	840,5
<i>Міндеттемелерді таза қабылдау</i>	-169,6	-182,6	-295,4
<i>Басқа да секторлар</i>	-196,1	-618,4	-2 782,0
<i>Қаржы активтерін таза сатып алу</i>	2 417,2	-145,3	-486,5
<i>o.i. тікелей инвестициялау операциялары бойынша</i>	-747,6	1 117,2	125,5
<i>Міндеттемелерді таза қабылдау</i>	2 613,3	473,1	2 295,4
<i>o.i. тікелей инвестициялау операциялары бойынша</i>	1 738,6	2 485,1	2 667,6


Тікелей инвестициялар

Шетелдік тікелей инвестициялар (ШТИ) бойынша 2015 жылғы 1-тоқсандағы 1,4 млрд. долл. салыстырғанда резидент еместер алдындағы міндеттемелердің таза өсуі сыртқы активтердің таза өсуінен 2,6 млрд. долл. асып кетті (3-кесте).

Тікелей инвестициялау операциялары бойынша қаржылық активтердің таза өсімі 2015 жылдың 1-тоқсандағы 1,1 млрд. долл. салыстырғанда 2016 жылғы 1-тоқсанда 122 млн. долл. құрады. Тікелей инвестициялау операциялары бойынша қаржылық активтердің аздап өсуі қазақстандық кәсіпорындардың шетелдегі өздерінің бас компанияларына көрсетілген фирмааралық қарыздарының ұлғаюымен байланысты болды.

Бұл ретте есепті кезеңде шетелдік еншілес ұйымдардан қазақстандық кәсіпорындардың капиталды алуы тіркелді. Есепті тоқсан үшін 2,7 млрд. долл. мөлшеріндегі (2015 жылғы 1-тоқсанда 2,6 млрд. долл.) ШТИ бойынша міндеттемелерді таза қабылдау

2-диаграмма. Қаржы шотының құрылымы (млрд. АҚШ долл.)



қазақстандық кәсіпорындардағы шетелдік бас компаниялардың капиталының өсуімен, сонымен қатар қазақстандық резиденттердің шетелдік бас компаниялардың алдындағы фирмааралық берешектерінің өсуімен қамтамасыз етілді.

3-кесте

Таза инвестициялар балансы

("+" - активтердің/ міндеттемелердің ұлғаюы; "-" - активтердің/ міндеттемелердің төмендеуі)

млн. АҚШ долл.

	2014 1-тоқсан	2015 1-тоқсан	2016 1-тоқсан
Тікелей инвестициялар (нетто)	-2 593,4	-1 437,6	-2 615,8
активтер/міндеттемелер қағидаты бойынша			
қаржы активтерін таза сатып алу	-748,2	1 120,0	122,0
міндеттемелерді таза қабылдау	1 845,2	2 557,7	2 737,8
«салым бағыты» қағидаты бойынша			
шетелге тікелей инвестициялар (таза әкету)	-691,2	-956,0	59,3
Қазақстанға тікелей инвестициялар (таза әкелу)	1 902,2	481,6	2 675,1
Анықтама:			
Қазақстанға шетелдік тікелей инвесторлардан тікелей инвестициялардың жалпы әкелінуі	5 649,1	4 396,5	4 278,5
Қазақстандық тікелей инвесторлардан тікелей инвестициялардың жалпы әкетілуі	223,2	696,7	687,8

«Салым бағыты» қағидаты бойынша есептелген Қазақстанға ШТИ жалпы әкелу есепті кезеңде 4,3 млрд. долл. құрады (2015 жылғы 1-тоқсанда 4,4 млрд. долл.). Геологиялық барлау және іздеу бойынша қызметтерге ШТИ салымы 37,5% көбейді және 1,5 млрд. долл. құрады.

Шикі мұнай және газ өндіруге ШТИ салымы 26,9% қысқарды және 1,0 млрд. долл. жуық болды, металлургиялық өнеркәсіпке және машина және құрал-жабдықтардан басқа дайын металлдық бұйымдар өндірісіне, 522 млн. долларға

дейін 7,4%-ға қысқарды, көтерме және бөлшек саудаға, автокөлік жөндеуге – 239 млн. долларға дейін 42,9% -ға қысқарды, қаржы секторына –69 млн. долл. дейін 65,6%-ға қысқарды.

Елдер бойынша ШТИ жалпы әкелу құрылымында бұрынғысынша Нидерланд (ШТИ жалпы түсімдерінен 37,5%) басым болды, әрі қарай АҚШ (20,5%), Швейцария (12,3%), Франция (6,3%), Қытай (4,8%), Ұлыбритания (4,5%), Ресей Федерациясы (3,9%) және Жапония (2,7%).

4-кесте

Экономика секторлары бойынша портфельдік инвестициялар бойынша операциялар

млн. АҚШ доллары

	2014 1-тоқсан	2015 1-тоқсан	2016 1-тоқсан
Қаржы активтерін таза сатып алу	4 038,6	-2 115,6	1 821,7
<i>Орталық Банк</i>	-0,5	1,3	25,6
Борыштық бағалы қағаздар	-0,5	1,3	25,6
<i>Банктер</i>	-91,3	-632,2	50,9
Капиталға қатысу құралдары және инвестициялық қорлардағы үлестер	0,0	-12,5	0,0
Борыштық бағалы қағаздар	-91,3	-619,7	50,9
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	4 108,3	-1 530,8	1 736,5
Капиталға қатысу құралдары және инвестициялық қорлардағы үлестер	82,0	437,5	67,2
Борыштық бағалы қағаздар	4 026,3	-1 968,3	1 669,3
<i>Басқа секторлар</i>	22,1	46,1	8,7
Капиталға қатысу құралдары және инвестициялық қорлардағы үлестер	9,8	-110,3	-15,1
Борыштық бағалы қағаздар	12,3	156,5	23,8
Міндеттемелерді таза қабылдау	-274,8	-1 318,0	-391,3
<i>Банктер</i>	-298,3	-51,7	-80,2
Капиталға қатысу құралдары және инвестициялық қорлардағы үлестер	0,8	-2,5	-6,1
Борыштық бағалы қағаздар	-299,1	-49,1	-74,1
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	-12,5	47,8	-245,3
Борыштық бағалы қағаздар	-12,5	47,8	-245,3
<i>Басқа секторлар</i>	36,0	-1 314,1	-65,8
Капиталға қатысу құралдары және инвестициялық қорлардағы үлестер	-29,5	-12,3	-0,7
Борыштық бағалы қағаздар	65,4	-1 301,8	-65,1
Портфельдік инвестициялар балансы	4 313,5	-797,6	2 212,9

Портфельдік инвестициялар және туынды қаржы құралдары

Портфельдік активтер құрамындағы активтердің олар бойынша міндеттемелердің төмендеуімен салыстырғанда өсуі есебінен *портфельдік инвестициялар* балансы 2,2 млрд. долл. оң сальдомен (2015 жылғы 1-тоқсанда 0,8 млрд. долл. теріс сальдо) қалыптасты.

Портфельдік инвестициялар бойынша қаржы активтерінің 1,8 млрд. долл. өсуі (2015 жылғы 1-тоқсанда 2,1 млрд. долл. төмендеді) негізінен Ұлттық Қордың шетелдік активтерінің 1,7 млрд. долл. өсуімен қамтамасыз етілді (4-кесте).

Портфельдік инвестициялар бойынша міндеттемелердің 391 млн. долл. (2015 жылғы 1-тоқсанда 1,3 млрд. долл.) төмендеуі *Мемлекеттік басқару органдары және банктер* шығарған борыштық бағалы қағаздарды резиденттердің екінші нарықта сатып алу бойынша

операцияларымен, сондай-ақ бұрын шығарылған еурооблигацияларды банктік емес сектор кәсіпорындарының ішінара өтеуімен қамтамасыз етілді.

Туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша теріс сальдо 8 млн. долл. (2015 жылғы 1-тоқсанда 138 млн. долл.) болды. Туынды қаржы құралдарымен операциялар негізінен қазақстандық банктермен, сондай-ақ Ұлттық Қордың шетелдік активтерімен жасалды.

Басқа инвестициялар

Басқа инвестициялар бабы бойынша тіркелген операциялар бойынша резиденттердің міндеттемелерінің азаюымен (0,5 млрд. долл.) салыстырғанда активтерінің біршама жоғары қарқынмен қысқаруы (1,5 млрд. долл.) салдарынан 1,1 млрд. долл. теріс сальдо орын алды (2015 жылғы 1-тоқсанда 0,2 млрд. долл.).

5-кесте

Резиденттердің «Басқа инвестициялар» бабында көрсетілген міндеттемелерді таза қабылдауы

(«+» – міндеттемелердің өсуі, «-» – міндеттемелердің төмендеуі)

млн.АҚШ долл

	2014 1-тоқсан	2015 1-тоқсан	2016 1-тоқсан
Капиталға қатысудың басқа құралдары	0,0	-20,6	0,1
<i>Басқа секторлар</i>	0,0	-20,6	0,1
Орта және ұзақмерзімді инвестициялар	1 152,3	-568,6	-440,2
<i>Орталық банк</i>	0,0	32,2	0,0
Қолма-қол валюта және депозиттер	0,0	32,2	0,0
<i>Банктер</i>	9,2	-78,1	-101,2
Қолма-қол валюта және депозиттер	-28,0	-26,8	-25,6
Кредиттер және қарыздар	37,2	-51,3	-75,6
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	-157,1	-230,5	-14,0
Кредиттер және қарыздар	-123,5	-195,3	-14,0
Басқа міндеттемелер	-33,6	-35,1	0,0
<i>Басқа секторлар</i>	1 300,2	-292,3	-325,0
Сақтандыру, зейнетақы бағдарламалары және стандартты кепілдіктер бағдарламалары	14,4	-12,4	-4,6
Кредиттер және қарыздар	1 222,2	-350,9	-403,4
Сауда кредиттері және аванстар	63,6	64,0	78,7
Басқа міндеттемелер	0,0	7,1	4,3
Қысқамерзімді инвестициялар	-209,0	-1 209,4	16,7
<i>Орталық банк</i>	324,4	-202,9	-15,0
Қолма-қол валюта және депозиттер	322,4	-203,0	-13,8
Басқа міндеттемелер	2,0	0,0	-1,1
<i>Банктер</i>	-72,0	-620,7	13,7
Қолма-қол валюта және депозиттер	-117,0	-289,1	28,0
Кредиттер және қарыздар	23,4	-282,0	-49,2
Басқа міндеттемелер	21,5	-49,5	34,9
<i>Басқа секторлар</i>	-461,4	-385,8	18,0
Кредиттер және қарыздар	181,3	-275,5	96,1
Сауда кредиттері және аванстар	-637,5	-107,3	-98,4
Басқа міндеттемелер	-5,2	-3,0	20,2
Міндеттемелерді таза қабылдау, барлығы	943,3	-1 798,6	-423,5

6-кесте

Резиденттердің «Басқа инвестициялар» бабында көрсетілген қаржы активтерін таза сатып алу

(«+» – активтердің ұлғаюы, «-» – активтердің азаюы)

млн. АҚШ долл

	2014 1-тоқсан	2015 1-тоқсан	2016 1-тоқсан
Орталық банк	32,2	76,3	-58,7
Қолма-қол валюта және депозиттер	4,5	45,4	-53,5
Кредиттер және қарыздар	27,7	30,9	-5,2
Банктер	276,8	-246,9	42,2
Қолма-қол валюта және депозиттер	293,4	-168,0	50,2
Кредиттер және қарыздар	-68,3	-52,7	-41,6
Басқа талаптар	51,7	-26,2	33,6
Мемлекеттік басқару органдары	-1 888,1	-520,6	-881,1
Капиталға қатысудың басқа құралдары	202,2	5,5	38,0
Қолма-қол валюта және депозиттер	-2 096,0	-534,4	-922,2
Кредиттер және қарыздар	0,0	0,0	0,1
Сауда кредиттері және аванстар	5,7	8,3	3,0
Басқа секторлар	3 144,0	-1 309,3	-620,5
Капиталға қатысудың басқа құралдары	0,0	0,7	0,0
Қолма-қол валюта және депозиттер	960,9	264,5	28,6
Кредиттер және қарыздар	-154,5	-2 277,4	-65,6
Сауда кредиттері және аванстар	566,4	-391,0	-216,6
Басқа талаптар	1 771,2	1 093,8	-367,0
Қаржы активтерін таза сатып алу, барлығы	1 564,9	-2 000,5	-1 518,1


Орташа-ұзақмерзімді инвестициялар бойынша міндеттемелердің 440 млн. долл. төмендеуі банктік емес сектор кәсіпорындарының (403 млн. долл.) және қазақстандық банктердің (76 млн. долл.) кредиттері мен қарыздарын өтеуімен негізделді (5-кесте).

Қысқамерзімді инвестициялар бойынша міндеттемелердің 17 млн. долл. аздаған өсімі банктік емес ұйымдардың кредиторлық берешегінің қысқаруымен өтелген банктік емес сектор кәсіпорындарының қысқамерзімді кредиттері және қарыздары бойынша міндеттемелерінің өсуімен байланысты болды.

Басқа инвестициялар бабы бойынша қаржылық активтер Ұлттық Қордың шетелдік шоттарындағы активтерінің қысқаруы және резидент еместердің қазақстандық банктік емес ұйымдар алдындағы дебиторлық берешегінің азаюы салдарынан 1,5 млрд. долл. төмендеді (6-кесте).

Ұлттық Банк жүргізген жеке тұлғалардың қолма-қол шетел валютасымен (ҚШВ) операцияларының төлем балансында жіктелмеген бағасы бойынша 2016 жылғы 1-тоқсанда тұрғындар қолында ҚШВ қысқаруы байқалды және ол Басқа

3-диаграмма. Жеке сектордың капиталды таза әкелуі (+)/әкетуі (-) (млрд. АҚШ долл.)



секторлардың басқа міндеттемелерінің қысқаруына әкелді. Жеке сектордың капиталды таза әкелуіне/әкетуіне қаржылық шотта тіркелген жеке сектордың операциялары, сондай-ақ төлем балансының баптары бойынша жіктелмеген операциялар (қателер мен қалып қойғандар) кіреді. 2016 жылғы 1-тоқсанның қорытындысы бойынша жеке сектордың

капиталды таза әкелуі қалыптасты (3-диаграмма).

Жеке сектордың операциялары бойынша 1,0 млрд. долл. (2015 жылғы 1-тоқсанда нетто-әкетуі 1,0 млрд. долл.) мөлшеріндегі капиталдың нетто-әкелуі негізінен банктік емес сектордың тікелей инвестициялар бойынша сыртқы міндеттемелерінің айтарлықтай өсуіне байланысты болды. 2016 жылғы 1-тоқсанда басқа секторлардың міндеттемелері жалпы 2,3 млрд. долл. өсті, ал 2015 жылғы 1-тоқсанда олардың өсімі бар-жоғы 0,5 млрд. долл. құраған.

Резервтік активтер

Операциялық өзгерістер нәтижесінде резервтік активтер 2016 жылғы 1-тоқсанда 1,1 млрд. долл. жуық қысқарды. Шетел валютасындағы активтердің қысқаруына, бәрінен бұрын, екінші деңгейдегі банкілердің Ұлттық Банкідегі шетел валютасындағы корреспонденттік шоттардағы қаражатпен жасаған операциялары және Ұлттық Банкімен валюталық своптарды өтеуі себепші болды.

Сонымен қоса, бағамдық қайта бағалау және монетарлық алтынның құны өсуі, оның ішінде сатып алу есебінен өсуі халықаралық резервтердің төмендеуін өтеді.

2016 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша халықаралық резервтер (Ұлттық Қордың активтерін қоспағанда) 28,4 млрд. долл. деп бағаланды (2015 жылдың соңында 27,9 млрд. долл.), бұл қазақстандық тауарлар мен қызметтер импортын 7,9 айға қаржыландыруды қамтамасыз етеді.


Нақты тиімді айырбастау бағамының динамикасы

2016 жылдың бірінші тоқсанында теңгенің нақты тиімді айырбастау бағамы (НТАБ) индексінің динамикасы мұнай бағаларының ықпалында болып, түрлі бағытта қалыптасты. Мәселен, қаңтар айының алғашқы үш аптасында Brent мұнай бағасы құлдырап, одан әрі ұлғаю трендін көрсетті.

2016 жылдың наурыз айында есептелген нақты тиімді айырбастау бағамының индексі 2015 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2,8%-ға қысқарды және 2013 жылғы желтоқсандағы бәсеке қабілеттілігінің базалық деңгейіне 72,4% болды. Бұл ретте 2016 жылдың наурызында ТМД елдері валюталарының қоржынына НТАБ индексі 2015 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда 1,2%-ға, ал қалған елдердің валюталарына – 2,2%-ға азайды.

Негізгі сауда әріптестері елдерінің валюталарына қатынасы бойынша теңгенің нақты айырбастау бағамдары (НАБ) құнсыздану динамикасын көрсетті (4-диаграмма). 2016 жылдың наурызында рубльге/тенге НАБ 2015 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда 2,5% әлсіреді, аталған жайт рубль/теңге нақты айырбастау бағамының теңдестігін 2013 жылғы желтоқсандағы деңгейде қалпына келтіруді қамтамасыз етті. Теңгенің нақты бағамы АҚШ долларына – 4,3%, еуроға – 6,9%, юаньға – 3,9% әлсіреді.

4-диаграмма. Теңгенің негізгі валюталарға нақты айырбастау бағамдары (2013 желтоқсан = 100)



Қазақстан Республикасының төлем балансы: талдамалық ұсыным

(млн. АҚШ долл.)

	2014	2014				2015	2015				2016
		I	II	III	IV		I	II	III	IV	
Ағымдағы операциялардың шоты	6 375,0	6 762,6	553,4	-955,2	14,1	-5 823,2	-125,3	-2 251,7	-1 799,0	-1 647,2	-1 020,9
Сауда балансы	36 694,7	14 373,3	8 445,8	7 789,9	6 085,6	12 649,0	4 247,9	3 369,5	2 778,7	2 252,9	2 689,7
Экспорт	80 242,8	23 099,7	19 778,0	19 847,2	17 517,9	46 294,2	12 144,3	12 637,0	11 372,8	10 140,2	8 445,3
Импорт	43 548,2	8 726,4	11 332,3	12 057,2	11 432,2	33 645,3	7 896,4	9 267,4	8 594,1	7 887,3	5 755,6
Қызмет балансы	-6 320,9	-1 294,3	-1 623,8	-1 719,1	-1 683,8	-5 370,8	-1 080,5	-1 199,2	-1 518,1	-1 573,0	-982,4
Экспорт	6 594,4	1 402,2	1 654,8	1 756,0	1 781,5	6 480,4	1 476,0	1 551,4	1 730,9	1 722,1	1 527,4
Импорт	12 915,4	2 696,5	3 278,6	3 475,0	3 465,3	11 851,1	2 556,5	2 750,6	3 248,9	3 295,1	2 509,8
Бастапқы кірістер балансы	-22 667,9	-6 116,4	-5 961,2	-6 670,2	-3 920,0	-11 515,3	-3 005,6	-3 664,7	-2 663,9	-2 181,0	-2 611,5
Еңбекақы төлеу (нетто)	-1 785,3	-437,6	-436,5	-451,6	-459,6	-1 666,6	-423,2	-416,3	-433,6	-393,5	-285,6
Инвестициялық кірістер	-21 022,3	-5 713,8	-5 559,6	-6 253,6	-3 495,4	-9 988,4	-2 617,4	-3 283,3	-2 265,2	-1 822,5	-2 360,8
Алынатын кірістер	1 889,4	506,5	498,9	431,9	452,1	1 843,4	509,5	465,0	432,7	436,1	435,6
Тікелей инвестициялардан кірістер	127,0	24,6	36,8	25,2	40,3	315,9	57,9	82,6	85,5	89,8	75,9
Портфельдік инвестициялардан кірістер	1 183,0	325,9	309,0	270,0	278,0	1 035,4	296,4	271,2	236,7	231,1	260,9
Басқа инвестициялардан кірістер	579,5	155,9	153,1	136,7	133,8	492,1	155,2	111,2	110,5	115,1	98,9
<i>o.i. резервтер мен Ұлттық қордың активтері бойынша сыйақы</i>	1 176,8	323,3	321,7	273,0	258,7	1 027,4	264,9	276,3	249,3	236,9	270,4
Төленетін кірістер	22 911,8	6 220,3	6 058,6	6 685,5	3 947,4	11 831,8	3 126,9	3 748,4	2 697,9	2 258,6	2 796,5
Тікелей инвестициялардан кірістер	19 763,9	5 485,1	5 266,8	5 775,9	3 236,1	8 843,1	2 454,7	2 943,3	1 880,8	1 564,2	2 137,7
Портфельдік инвестициялардан кірістер	1 667,1	352,8	370,6	567,5	376,2	1 641,3	341,6	465,6	485,6	348,6	315,9
Басқа инвестициялардан кірістер	1 480,8	382,4	421,1	342,1	335,2	1 347,4	330,7	339,4	331,5	345,8	342,8
Басқа бастапқы кірістер (нетто)	139,8	34,9	34,9	34,9	34,9	139,8	34,9	34,9	34,9	34,9	34,9
Қайталама кірістер балансы	-1 330,8	-200,0	-307,3	-355,9	-467,7	-1 586,2	-287,1	-757,3	-395,7	-146,0	-116,8
Капиталмен операциялар шотының балансы	29,3	16,0	2,9	2,2	8,3	131,6	-3,6	44,3	3,6	87,3	5,7
Қаржылық шот (ҚҰБ резервтік активтерін алып тастағанда)	-6 827,3	2 384,6	-1 663,5	-4 730,8	-2 817,7	-10 611,0	-2 574,7	-1 637,5	-3 401,6	-2 997,1	-1 470,1
Тікелей инвестициялар	-4 767,1	-2 593,4	-1 391,2	-3 623,4	2 840,8	-3 404,9	-1 437,6	229,2	-1 441,8	-754,6	-2 615,8
Қаржылық активтерді таза алу	2 323,6	-748,2	476,4	415,6	2 179,9	3 209,8	1 120,0	874,4	297,7	917,6	122,0
Міндеттемелерді таза қабылдау	7 090,7	1 845,2	1 867,5	4 039,0	-661,0	6 614,7	2 557,7	645,3	1 739,5	1 672,3	2 737,8
Портфельдік инвестициялар	1 038,8	4 313,5	239,7	1 948,8	-5 463,1	-5 878,3	-797,6	-1 270,4	-5 173,8	1 363,5	2 212,9
Қаржылық активтерді таза алу	6 473,8	4 038,6	2 527,2	1 910,5	-2 002,5	-9 512,9	-2 115,6	-2 667,3	-1 581,2	-3 148,8	1 821,7
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	6 800,0	4 107,9	3 091,0	1 561,8	-1 960,6	-8 358,4	-1 529,5	-2 531,8	-1 619,1	-2 678,0	1 762,1
Банктер	-218,5	-91,3	-158,7	44,6	-13,1	-819,8	-632,2	-36,3	7,0	-158,3	50,9
Басқа секторлар	-107,7	22,1	-405,1	304,0	-28,7	-334,7	46,1	-99,2	30,9	-312,6	8,7
Міндеттемелерді таза қабылдау	5 434,9	-274,8	2 287,4	-38,3	3 460,6	-3 634,6	-1 318,0	-1 396,9	3 592,6	-4 512,3	-391,3
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	1 969,6	-12,5	0,0	0,0	1 982,1	3 357,2	47,8	-122,5	3 495,1	-63,3	-245,3
Банктер	-809,9	-298,3	-220,5	57,8	-348,9	-872,3	-51,7	-121,3	-55,7	-643,7	-80,2
Басқа секторлар	4 275,2	36,0	2 507,9	-96,1	1 827,4	-6 119,5	-1 314,1	-1 153,2	153,1	-3 805,3	-65,8
Туынды қаржы құралдары (нетто)	-37,1	42,9	29,7	-66,8	-42,9	-115,4	-137,5	58,3	-62,0	25,8	-8,0
Басқа инвестициялар	-3 062,0	621,6	-541,7	-2 989,4	-152,5	-1 212,5	-201,9	-654,6	3 275,9	-3 631,8	-1 059,2
Капиталға қатысушы басқа құралдар (нетто)	208,7	202,2	1,1	0,7	4,7	86,3	26,9	-0,5	0,6	59,5	37,1
Орта- және ұзақ мерзімді борыштық құралдар	-2 511,1	-850,5	-509,3	-538,8	-612,5	-4 259,2	-1 427,9	-791,0	515,3	-2 555,6	546,9
Қаржылық активтерді таза алу	488,0	301,8	-99,4	-425,8	711,4	-2 444,3	-1 996,5	222,3	-425,4	-244,6	70,5
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	235,4	-1,0	1,9	223,8	10,8	-38,8	29,6	14,3	-71,2	-11,5	-33,9
Банктер	-773,5	-159,4	-64,4	-471,2	-78,5	-179,7	-84,7	-51,4	29,3	-72,9	-42,8
Басқа секторлар	1 026,1	462,3	-36,9	-178,5	779,1	-2 225,8	-1 941,5	259,4	-383,5	-160,2	147,2

ҚР 2016 жылғы 1-тоқсандағы төлем балансы және сыртқы борышты

	2014	2014				2015	2015				2016
		I	II	III	IV		I	II	III	IV	
Міндеттемелерді таза қабылдау	2 999,1	1 152,3	409,9	112,9	1 324,0	1 814,9	-568,6	1 013,3	-940,7	2 310,9	-476,4
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	549,3	-157,1	-33,7	348,2	391,9	923,3	-198,3	29,3	99,3	992,9	-50,1
Банктер	-209,2	9,2	-76,2	-63,9	-78,3	-624,5	-78,1	186,2	-747,7	15,1	-101,2
Басқа секторлар	2 659,0	1 300,2	519,8	-171,4	1 010,4	1 516,1	-292,3	797,8	-292,3	1 302,9	-325,0
Қысқа мерзімді борыштық құралдар	-759,6	1 269,9	-33,5	-2 451,4	455,4	2 960,4	1 199,1	137,0	2 760,0	-1 135,7	-1 643,1
Қаржылық активтерді таза алу	389,6	1 060,9	644,5	-2 265,8	950,0	1 140,5	-10,2	-81,0	2 310,8	-1 079,1	-1 626,5
Міндеттемелерді таза қабылдау	1 149,2	-209,0	678,0	185,5	494,6	-1 819,9	-1 209,4	-218,0	-449,2	56,6	16,7
Қателер және қалып қойғандар	-8 976,8	-3 131,4	-2 692,5	-1 608,3	-1 544,5	-5 682,8	-1 935,5	-49,0	-2 325,1	-1 373,2	-1 538,1
Жалпы баланс	-4 254,9	-1 262,6	472,7	-2 169,5	-1 295,5	763,4	-510,4	618,9	719,0	-64,1	1 083,2
Қаржыландыру	4 254,9	1 262,6	-472,7	2 169,5	1 295,5	-763,4	510,4	-618,9	-719,0	64,1	-1 083,2
ҚҰБ-нің резервтік активтері	4 254,9	1 262,6	-472,7	2 169,5	1 295,5	-763,4	510,4	-618,9	-719,0	64,1	-1 083,2
ХВҚ-тің кредиттері	0,0					0,0					0,0
Айрықша қаржыландыру	0,0					0,0					0,0

Қазақстан Республикасының төлем балансы: экономиканың жеке секторлары бойынша талдау

(млн.АҚШ доллары)

	2014	2014				2015	2015				2016
		I	II	III	IV		I	II	III	IV	
Ағымдағы операциялардың шоты	6 375,0	6 762,6	553,4	-955,2	14,1	-5 823,2	-125,3	-2 251,7	-1 799,0	-1 647,2	-1 020,9
Сауда балансы	36 694,7	14 373,3	8 445,8	7 789,9	6 085,6	12 649,0	4 247,9	3 369,5	2 778,7	2 252,9	2 689,7
Экспорт	80 242,8	23 099,7	19 778,0	19 847,2	17 517,9	46 294,2	12 144,3	12 637,0	11 372,8	10 140,2	8 445,3
Импорт	43 548,2	8 726,4	11 332,3	12 057,2	11 432,2	33 645,3	7 896,4	9 267,4	8 594,1	7 887,3	5 755,6
Қызмет балансы	-6 320,9	-1 294,3	-1 623,8	-1 719,1	-1 683,8	-5 370,8	-1 080,5	-1 199,2	-1 518,1	-1 573,0	-982,4
Экспорт	6 594,4	1 402,2	1 654,8	1 756,0	1 781,5	6 480,4	1 476,0	1 551,4	1 730,9	1 722,1	1 527,4
Импорт	12 915,4	2 696,5	3 278,6	3 475,0	3 465,3	11 851,1	2 556,5	2 750,6	3 248,9	3 295,1	2 509,8
Бастапқы кірістер балансы	-22 667,9	-6 116,4	-5 961,2	-6 670,2	-3 920,0	-11 515,3	-3 005,6	-3 664,7	-2 663,9	-2 181,0	-2 611,5
Еңбекақы төлеу (нетто)	-1 785,3	-437,6	-436,5	-451,6	-459,6	-1 666,6	-423,2	-416,3	-433,6	-393,5	-285,6
Инвестициялық кірістер	-21 022,3	-5 713,8	-5 559,6	-6 253,6	-3 495,4	-9 988,4	-2 617,4	-3 283,3	-2 265,2	-1 822,5	-2 360,8
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	1 111,6	312,8	309,3	261,4	228,2	798,8	232,0	245,1	171,5	150,1	186,0
Алынатын кірістер	1 180,7	323,7	322,1	273,4	261,5	1 033,2	267,3	278,8	249,7	237,4	271,2
Төленетін кірістер	69,1	10,9	12,8	12,0	33,3	234,5	35,3	33,7	78,2	87,3	85,2
Банктер	-688,1	-167,4	-187,4	-205,5	-127,8	-533,7	-78,6	-187,0	-152,0	-116,2	-162,0
Алынатын кірістер	308,4	94,9	69,8	62,6	81,1	287,0	127,8	58,8	48,1	52,3	39,9
Төленетін кірістер	996,5	262,3	257,2	268,0	209,0	820,6	206,3	245,7	200,1	168,5	201,8
Басқа секторлар	-21 445,9	-5 859,2	-5 681,5	-6 309,5	-3 595,7	-10 253,5	-2 770,8	-3 341,5	-2 284,8	-1 856,4	-2 384,9
Алынатын кірістер	400,3	87,9	107,0	95,9	109,5	523,2	114,4	127,5	134,9	146,4	124,6
Төленетін кірістер	21 846,2	5 947,1	5 788,5	6 405,4	3 705,2	10 776,7	2 885,3	3 469,0	2 419,6	2 002,8	2 509,5
Басқа бастапқы кірістер (нетто)	139,8	34,9	34,9	34,9	34,9	139,8	34,9	34,9	34,9	34,9	34,9
Қайталама кірістер балансы	-1 330,8	-200,0	-307,3	-355,9	-467,7	-1 586,2	-287,1	-757,3	-395,7	-146,0	-116,8
Капиталмен операциялар шотының балансы	29,3	16,0	2,9	2,2	8,3	131,6	-3,6	44,3	3,6	87,3	5,7
Қаржылық шот	-2 572,5	3 647,2	-2 136,2	-2 561,3	-1 522,1	-11 374,3	-2 064,3	-2 256,4	-4 120,6	-2 933,0	-2 553,3
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	6 419,7	3 350,0	2 989,9	2 593,2	-2 513,3	-12 776,5	-1 127,7	-3 105,0	-3 678,3	-4 865,5	33,1
Қаржылық активтерді таза алу	9 146,3	3 504,8	2 891,5	2 789,7	-39,6	-8 630,5	-1 481,1	-3 199,7	-13,2	-3 936,5	-277,2
Тікелей инвестициялар	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	159,2	0,0	0,0	150,0	9,2	-1,5
Портфельдік инвестициялар	6 800,0	4 107,9	3 091,0	1 561,8	-1 960,6	-8 358,4	-1 529,5	-2 531,8	-1 619,1	-2 678,0	1 762,1
Туынды қаржы құралдары	-12,1	-9,8	9,9	-3,3	-8,8	1,1	-17,7	16,3	7,0	-4,5	-14,9
Басқа инвестициялар	-1 896,5	-1 855,9	263,3	-938,3	634,3	330,9	-444,3	-65,3	2 167,9	-1 327,4	-939,8
ҚҰБ-нің резервтік активтері	4 254,9	1 262,6	-472,7	2 169,5	1 295,5	-763,4	510,4	-618,9	-719,0	64,1	-1 083,2
Міндеттемелерді таза қабылдау	2 726,6	154,8	-98,4	196,6	2 473,7	4 146,0	-353,3	-94,7	3 665,1	929,0	-310,4
Портфельдік инвестициялар	1 969,6	-12,5	0,0	0,0	1 982,1	3 357,2	47,8	-122,5	3 495,1	-63,3	-245,3
Туынды қаржы құралдары	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Басқа инвестициялар	757,0	167,3	-98,4	196,6	491,6	788,8	-401,2	27,7	170,0	992,3	-65,1
Банктер	-4 055,1	493,3	-8,6	-2 411,2	-2 128,6	-773,0	-318,2	22,1	-253,1	-223,9	195,5
Қаржылық активтерді таза алу	-4 529,5	236,9	-159,3	-2 350,1	-2 257,0	-2 483,6	-893,3	66,4	-857,6	-799,1	73,3
Тікелей инвестициялар	5,3	-0,7	0,0	13,8	-7,8	68,3	2,8	55,8	-0,9	10,6	-2,1
Портфельдік инвестициялар	-218,5	-91,3	-158,7	44,6	-13,1	-819,8	-632,2	-36,3	7,0	-158,3	50,9
Туынды қаржы құралдары	-8,7	52,1	36,3	-35,8	-61,2	-23,6	-17,0	-1,3	-0,8	-4,3	-17,8
Басқа инвестициялар	-4 307,6	276,8	-36,9	-2 372,7	-2 174,9	-1 708,5	-246,9	48,3	-862,8	-647,0	42,2
Міндеттемелерді таза қабылдау	-474,4	-256,4	-150,7	61,2	-128,4	-1 710,6	-575,1	44,3	-604,5	-575,2	-122,3
Тікелей инвестициялар	172,6	106,6	51,5	109,3	-94,8	233,4	72,6	53,1	60,8	46,9	70,2
Портфельдік инвестициялар	-809,9	-298,3	-220,5	57,8	-348,9	-872,3	-51,7	-121,3	-55,7	-643,7	-80,2

ҚР 2016 жылғы 1-тоқсандағы төлем балансы және сыртқы борышы

	2014	2014				2015	2015				2016
		I	II	III	IV		I	II	III	IV	
Туынды қаржы құралдары	17,3	-1,9	16,3	28,9	-25,9	92,3	102,7	-43,1	67,5	-34,8	-24,8
Басқа инвестициялар	145,6	-62,8	1,9	-134,8	341,3	-1 163,9	-698,7	155,5	-677,1	56,4	-87,6
Басқа секторлар	-4 937,1	-196,1	-5 117,5	-2 743,2	3 119,8	2 175,1	-618,4	826,4	-189,2	2 156,4	-2 782,0
Қаржылық активтерді таза алу	9 494,3	2 417,2	390,9	1 327,1	5 359,2	2 790,8	-145,3	878,8	761,1	1 296,2	-486,5
Тікелей инвестициялар	2 318,3	-747,6	476,4	401,9	2 187,7	2 982,3	1 117,2	818,6	148,6	897,8	125,5
Портфельдік инвестициялар	-107,7	22,1	-405,1	304,0	-28,7	-334,7	46,1	-99,2	30,9	-312,6	8,7
Туынды қаржы құралдары	2,0	-1,3	-0,1	1,2	2,2	2,7	0,7	1,3	-0,1	0,8	0,6
Басқа инвестициялар	7 281,7	3 144,0	319,7	620,0	3 198,1	140,5	-1 309,3	158,1	581,7	710,1	-621,3
Міндеттемелерді таза қабылдау	14 431,4	2 613,3	5 508,4	4 070,3	2 239,5	615,6	473,1	52,3	950,3	-860,2	2 295,4
Тікелей инвестициялар	6 918,1	1 738,6	1 816,0	3 929,7	-566,1	6 381,3	2 485,1	592,2	1 678,7	1 625,3	2 667,6
Портфельдік инвестициялар	4 275,2	36,0	2 507,9	-96,1	1 827,4	-6 119,5	-1 314,1	-1 153,2	153,1	-3 805,3	-65,8
Туынды қаржы құралдары	1,1	0,0	0,1	0,0	1,0	3,3	0,8	1,1	0,5	0,9	0,6
Басқа инвестициялар	3 237,1	838,8	1 184,3	236,7	977,2	350,5	-698,7	612,3	-882,0	1 318,9	-307,0
Қателер және қалып қойғандар	-8 976,8	-3 131,4	-2 692,5	-1 608,3	-1 544,5	-5 682,8	-1 935,5	-49,0	-2 325,1	-1 373,2	-1 538,1

Қазақстан Республикасының төлем балансы: стандарттық ұсыным

(млн.АҚШ доллары)

	2014	2014				2015	2015				2016
		I	II	III	IV		I	II	III	IV	
Ағымдағы операциялардың шоты	6 375,0	6 762,6	553,4	-955,2	14,1	-5 823,2	-125,3	-2 251,7	-1 799,0	-1 647,2	-1 020,9
Тауарлар	36 694,7	14 373,3	8 445,8	7 789,9	6 085,6	12 649,0	4 247,9	3 369,5	2 778,7	2 252,9	2 689,7
Кредит (Экспорт)	80 242,8	23 099,7	19 778,0	19 847,2	17 517,9	46 294,2	12 144,3	12 637,0	11 372,8	10 140,2	8 445,3
Дебет (Импорт)	43 548,2	8 726,4	11 332,3	12 057,2	11 432,2	33 645,3	7 896,4	9 267,4	8 594,1	7 887,3	5 755,6
Қызметтер	-6 320,9	-1 294,3	-1 623,8	-1 719,1	-1 683,8	-5 370,8	-1 080,5	-1 199,2	-1 518,1	-1 573,0	-982,4
Кредит (Экспорт)	6 594,4	1 402,2	1 654,8	1 756,0	1 781,5	6 480,4	1 476,0	1 551,4	1 730,9	1 722,1	1 527,4
Дебет (Импорт)	12 915,4	2 696,5	3 278,6	3 475,0	3 465,3	11 851,1	2 556,5	2 750,6	3 248,9	3 295,1	2 509,8
Бастапқы кірістер	-22 667,9	-6 116,4	-5 961,2	-6 670,2	-3 920,0	-11 515,3	-3 005,6	-3 664,7	-2 663,9	-2 181,0	-2 611,5
Кредит (алуға)	2 033,1	542,4	534,9	467,9	488,0	1 987,1	545,5	501,0	468,6	472,0	471,5
Дебет (төлеуге)	24 701,0	6 658,8	6 496,1	7 138,1	4 408,0	13 502,3	3 551,1	4 165,7	3 132,5	2 653,1	3 083,0
Қайталама кірістер	-1 330,8	-200,0	-307,3	-355,9	-467,7	-1 586,2	-287,1	-757,3	-395,7	-146,0	-116,8
Кредит (алуға)	2 590,1	620,3	657,3	668,8	643,6	1 720,6	382,3	453,1	477,4	407,8	296,4
Дебет (төлеуге)	3 920,9	820,3	964,6	1 024,7	1 111,3	3 306,8	669,4	1 210,4	873,1	553,8	413,2
Капиталмен операциялар шоты	29,3	16,0	2,9	2,2	8,3	131,6	-3,6	44,3	3,6	87,3	5,7
Кредит (алуға)	36,4	16,4	4,0	2,5	13,4	139,8	2,0	44,4	3,7	89,7	10,9
Дебет (төлеуге)	7,0	0,5	1,1	0,3	5,1	8,2	5,6	0,1	0,1	2,4	5,1
Қаржылық шот	-2 572,5	3 647,2	-2 136,2	-2 561,3	-1 522,1	-11 374,3	-2 064,3	-2 256,4	-4 120,6	-2 933,0	-2 553,3
Тікелей инвестициялар	-4 767,1	-2 593,4	-1 391,2	-3 623,4	2 840,8	-3 404,9	-1 437,6	229,2	-1 441,8	-754,6	-2 615,8
Қаржылық активтерді таза алу	2 323,6	-748,2	476,4	415,6	2 179,9	3 209,8	1 120,0	874,4	297,7	917,6	122,0
Міндеттемелерді таза қабылдау	7 090,7	1 845,2	1 867,5	4 039,0	-661,0	6 614,7	2 557,7	645,3	1 739,5	1 672,3	2 737,8
Портфельдік инвестициялар	1 038,8	4 313,5	239,7	1 948,8	-5 463,1	-5 878,3	-797,6	-1 270,4	-5 173,8	1 363,5	2 212,9
Қаржылық активтерді таза алу	6 473,8	4 038,6	2 527,2	1 910,5	-2 002,5	-9 512,9	-2 115,6	-2 667,3	-1 581,2	-3 148,8	1 821,7
Міндеттемелерді таза қабылдау	5 434,9	-274,8	2 287,4	-38,3	3 460,6	-3 634,6	-1 318,0	-1 396,9	3 592,6	-4 512,3	-391,3
Туынды қаржы құралдары (резервтерден басқа) және қызметкерлер үшін акциядағы опциондар	-37,1	42,9	29,7	-66,8	-42,9	-115,4	-137,5	58,3	-62,0	25,8	-8,0
Қаржылық активтерді таза алу	-18,7	41,0	46,1	-37,9	-67,9	-19,8	-34,0	16,3	6,0	-8,1	-32,2
Міндеттемелерді таза қабылдау	18,4	-1,9	16,4	28,9	-24,9	95,6	103,5	-42,1	68,0	-33,9	-24,2
Басқа инвестициялар	-3 062,0	621,6	-541,7	-2 989,4	-152,5	-1 212,5	-201,9	-654,6	3 275,9	-3 631,8	-1 059,2
Қаржылық активтерді таза алу	1 077,7	1 564,9	546,1	-2 691,0	1 657,6	-1 237,0	-2 000,5	141,0	1 886,8	-1 264,2	-1 518,9
Міндеттемелерді таза қабылдау	4 139,6	943,3	1 087,8	298,5	1 810,0	-24,6	-1 798,6	795,6	-1 389,1	2 367,5	-459,7
Резервтік активтер	4 254,9	1 262,6	-472,7	2 169,5	1 295,5	-763,4	510,4	-618,9	-719,0	64,1	-1 083,2
Таза қателер және қалып қойғандар	-8 976,8	-3 131,4	-2 692,5	-1 608,3	-1 544,5	-5 682,8	-1 935,5	-49,0	-2 325,1	-1 373,2	-1 538,1

Қазақстан Республикасының төлем балансы: стандарттық ұсыным

(млн.АҚШ доллары)

	2014	2014				2015	2015				2016
		I	II	III	IV		I	II	III	IV	
Ағымдағы операциялардың шоты	6 375,0	6 762,6	553,4	-955,2	14,1	-5 823,2	-125,3	-2 251,7	-1 799,0	-1 647,2	-1 020,9
Тауарлар	36 694,7	14 373,3	8 445,8	7 789,9	6 085,6	12 649,0	4 247,9	3 369,5	2 778,7	2 252,9	2 689,7
Кредит (Экспорт)	80 242,8	23 099,7	19 778,0	19 847,2	17 517,9	46 294,2	12 144,3	12 637,0	11 372,8	10 140,2	8 445,3
Төлем балансы әдіснамасы бойынша негізгі тауарлар	79 984,3	23 025,4	19 722,1	19 775,2	17 461,6	46 105,9	12 103,5	12 569,1	11 329,7	10 103,7	8 428,9
ресми статистика	79 459,9	22 957,3	19 574,0	19 587,0	17 341,6	45 725,6	12 035,7	12 467,2	11 231,5	9 991,2	8 283,9
түзетулер	524,4	68,1	148,1	188,2	120,1	380,3	67,7	101,9	98,2	112,5	145,1
Шетелдегі тауарларды қайта сату шеңберіндегі тауарлардың таза экспорты	0,8	0,0	0,0	3,8	-3,0	3,8	2,3	-0,5	1,4	0,6	2,2
Монетарлық емес алтын	257,7	74,3	55,9	68,3	59,2	184,6	38,6	68,4	41,7	35,9	14,1
Дебет (Импорт)	43 548,2	8 726,4	11 332,3	12 057,2	11 432,2	33 645,3	7 896,4	9 267,4	8 594,1	7 887,3	5 755,6
Төлем балансы әдіснамасы бойынша негізгі тауарлар	43 547,7	8 726,4	11 332,2	12 057,0	11 432,1	33 638,3	7 896,2	9 261,2	8 594,1	7 886,8	5 755,6
ресми статистика	41 295,5	8 413,2	10 865,4	11 110,3	10 906,6	30 186,1	7 217,8	8 283,6	7 657,1	7 027,5	5 171,6
түзетулер	2 252,3	313,2	466,9	946,7	525,5	3 452,2	678,3	977,6	936,9	859,4	583,9
Монетарлық емес алтын	0,4	0,0	0,0	0,2	0,1	7,0	0,2	6,3	0,0	0,5	0,0
Қызметтер	-6 320,9	-1 294,3	-1 623,8	-1 719,1	-1 683,8	-5 370,8	-1 080,5	-1 199,2	-1 518,1	-1 573,0	-982,4
Кредит (Экспорт)	6 594,4	1 402,2	1 654,8	1 756,0	1 781,5	6 480,4	1 476,0	1 551,4	1 730,9	1 722,1	1 527,4
Басқа жаққа тиесілі тауарларды қайта өңдеу бойынша қызметтер	8,9	1,3	0,0	1,0	6,6	14,3	2,9	7,6	2,0	1,8	0,3
Басқа санаттарға жатқызылмаған жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер	45,0	7,0	10,0	13,2	14,9	50,7	10,2	15,5	11,7	13,4	8,5
Көлік қызметтері	3 861,4	879,6	1 009,3	989,5	983,0	3 597,6	914,1	841,1	882,5	959,8	965,9
Жолаушы тасымалдау	233,9	55,0	61,6	64,9	52,4	199,8	42,7	55,1	56,9	45,0	39,1
Жүк тасу	3 341,2	762,0	876,0	849,6	853,5	3 177,9	816,7	728,5	770,5	862,2	879,2
Өзгелері	274,5	58,3	68,6	72,8	74,8	211,9	53,0	54,8	53,3	50,7	46,6
Пошта қызметтері және курьерлік байланыс қызметтері	11,8	4,3	3,0	2,2	2,3	8,0	1,7	2,6	1,8	1,9	1,0
Жол жүру	1 467,3	274,4	390,8	456,6	345,5	1 625,0	296,7	404,7	480,7	442,9	313,6
Құрылыс	157,6	15,6	2,3	39,1	100,5	262,0	34,7	44,5	112,5	70,4	61,7
Сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қызметтер	64,8	15,3	19,6	12,3	17,5	79,3	20,6	17,1	19,5	22,1	10,7
Қаржылық қызметтер	22,6	3,8	6,4	7,1	5,3	22,4	3,9	9,0	5,6	3,8	4,9
Басқа санаттарға жатқызылмаған зияткерлік меншікті пайдалану үшін төленетін ақы	1,8	0,1	0,1	0,3	1,3	0,9	0,0	0,2	0,3	0,3	0,1
Телекоммуникациялық, компьютерлік және ақпараттық қызметтер	146,1	31,7	37,0	39,8	37,5	142,2	33,5	35,9	37,4	35,5	28,9
Басқа да іскерлік қызметтер	558,6	123,1	120,5	131,3	183,7	424,3	102,4	102,5	107,8	111,6	88,9
Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар	6,5	1,4	1,5	2,2	1,4	5,6	1,3	1,4	1,8	1,1	0,8
Кәсіптік қызметтер және басқару саласындағы консультациялық қызметтер	140,4	30,7	35,2	29,0	45,4	108,1	23,0	28,5	24,8	31,8	19,3
Техникалық, саудамен байланысты және өзге де іскерлік қызметтер	411,7	91,0	83,8	100,1	136,8	310,6	78,0	72,6	81,2	78,7	68,8
Жеке тұлғаларға көрсетілетін қызметтер және мәдениет пен демалыс саласындағы қызметтер	1,5	0,4	0,2	0,8	0,2	1,2	0,3	0,4	0,4	0,1	0,1
Басқа санаттарға жатқызылмаған мемлекеттік тауарлар мен қызметтер	258,8	49,9	58,6	64,9	85,4	260,5	56,9	72,8	70,4	60,4	43,8
Дебет (Импорт)	12 915,4	2 696,5	3 278,6	3 475,0	3 465,3	11 851,1	2 556,5	2 750,6	3 248,9	3 295,1	2 509,8
Басқа жаққа тиесілі тауарларды қайта өңдеу бойынша қызметтер	21,1	8,2	2,8	4,0	6,1	56,7	5,0	3,2	23,9	24,7	11,7
Басқа санаттарға жатқызылмаған жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер	240,6	34,9	43,1	64,5	98,2	246,1	43,7	54,4	64,4	83,5	37,3
Көлік қызметтері	2 381,0	521,7	644,5	614,6	600,2	1 746,4	418,3	472,1	453,6	402,4	321,0
Жолаушы тасымалдау	231,5	47,3	63,4	66,2	54,5	175,9	48,3	41,8	50,3	35,5	27,7
Жүк тасу	1 946,3	406,4	511,3	511,4	517,2	1 440,0	341,5	394,5	364,7	339,4	262,5
Өзгелері	189,5	63,7	66,1	34,4	25,3	109,3	23,8	30,4	32,7	22,4	22,6
Пошта қызметтері және курьерлік байланыс қызметтері	13,7	4,3	3,6	2,7	3,2	21,2	4,7	5,4	6,0	5,1	8,1

	2014	2014				2015	2015				2016
		I	II	III	IV		I	II	III	IV	
Жол жүру	1 932,0	366,5	463,5	641,9	460,1	2 009,3	459,3	500,9	536,5	512,6	337,0
Құрылыс	1 604,1	385,2	380,0	429,5	409,4	1 611,9	272,8	297,1	484,6	557,3	408,4
